



**БІЛІМ САПАСЫН ҚАМТАМАСЫЗДАНДЫРУ БОЙЫНША
ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ - IQAA**

**СЫРТҚЫ БАҒАЛАУ
ЖӨНІНДЕГІ ЕСЕП
«СЫРДАРИЯ» УНИВЕРСИТЕТІ**

БВ01401 - «Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау»

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН АККРЕДИТТЕУ

Нұр-Сұлтан 2021

САРАПШЫЛАР ТОБЫ**Абильдина Салтанат Куатовна
Топ жетекшісі**

Е. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор

**Иконникова Галина Юрьевна
Халықаралық сарапшы**

А.И. Герцена атындағы РМПУ кәсіби қызмет психологиясы кафедрасының доценті, психология ғылымдарының кандидаты, Санкт-Петербург қаласы

**Есиркепов Жандос Мергенбаевич
Сарапшы**

Халықаралық туризм және қонақжайлылық университетінің «Спорт және жалпы білім беру пәндері» кафедрасының профессоры, п.ғ.к.

**Кожбанова Хадиша Нартаевна
Жұмыс берушілердің өкілі**

№7 «Тұран» мектеп-гимназиясының директоры

**Бондарь Маргарита Владимировна
Студенттер өкілі**

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің 1-ші оқу жылының магистранты, «Педагогика және психология» бағдарламасы

Сарапшылар тобының есебі IQAA-ның зияткерлік меншігі болып табылады. Кез келген ақпаратты IQAA-ға сілтеме болған кезде ғана пайдалануға жол беріледі. Авторлық құқықты бұзу заңды жауапкершіліктің басталуына әкеледі.

**ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ ЖӨНІНДЕГІ ЕСЕПТІҢ ӘРБІР СТАНДАРТ
БОЙЫНША БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ ІСТЕРІНІҢ НАҚТЫ
ЖАЙ-КҮЙІНЕ СӘЙКЕСТІК ДЕҢГЕЙІ**

БВ01401 - «Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау»

Стандарттар	Өзін-өзі бағалау жөніндегі есептің әрбір стандарт үшін ЖОО-дағы істердің нақты жай-күйіне сәйкестік деңгейін белгілеңіз			
	Толық сәйкестік	Маңызды сәйкестік	Ішінара сәйкестік	Сәйкессіздік
<i>Стандарт 1</i> Академиялық адалдық және білім беру бағдарламаларының сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясаты	+			
<i>Стандарт 2</i> Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, бекіту және ақпараттарды басқару	+			
<i>Стандарт 3</i> Студентке орталықтандырылған оқыту, білім беру және бағалау	+			
<i>Стандарт 4</i> Студенттерді қабылдау, үлгерім, тану және сертификаттау	+			
<i>Стандарт 5</i> Профессор-оқытушылар құрамы	+			
<i>Стандарт 6</i> Оқу ресурстары және студенттерді қолдау	+			
<i>Стандарт 7</i> Жұртшылықты ақпараттандыру	+			

МАЗМҰНЫ

1 ТАРАУ САПАРДЫҢ МАЗМҰНЫ МЕН МАҚСАТТАРЫ

Кіріспе	5
Университеттің негізгі сипаттамалары	5

2 ТАРАУ САРАПТАМА ТОБЫНЫҢ СЫРТҚЫ АУДИТІ ТУРАЛ ЕСЕБІ

Кіріспе.....	7
Мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеу стандарттарына сәйкестігі	
<i>Стандарт 1</i>	
Академиялық адалдық және білім беру бағдарламаларының сапасы қамтамасыз ету саласындағы саясаты	8
<i>Стандарт 2</i>	
Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, бекіту және ақпараттар, басқару.....	11
<i>Стандарт 3</i>	
Студентке орталықтандырылған оқыту, білім беру және бағалау	15
<i>Стандарт 4</i>	
Студенттерді қабылдау, үлгерім, тану және сертификаттау	19
<i>Стандарт 5</i>	
Профессор-оқытушылар құрамы	22
<i>Стандарт 6</i>	
Оқу ресурстары және студенттерді қолдау	26
<i>Стандарт 7</i>	
Жұртшылықты ақпараттандыру	29
3 ТАРАУ ҚОРЫТЫНДЫ	33

ҚОСЫМШАЛАР

<i>Қосымша 1</i>	
Сыртқы сапар бағдарламасы	32
<i>Қосымша 2</i>	
Сұхбатқа қатысушылардың тізімі	37
<i>Қосымша 3</i>	
ЖОО-да қосымша қаралған құжаттар тізімі	40

1 ТАРАУ САПАРДЫҢ МАЗМҰНЫ МЕН МАҚСАТТАРЫ

Kipicne

Сыртқы аудит процесінің жалпы сипаттамасы, өзін-өзі бағалау әдістемесі, сондай-ақ университет ұжымының дайындық және қатысу деңгейі.

Шартпен аккредиттелген білім беру бағдарламаларын мамандандырылған аккредиттеу рәсімі мақсатында сараптамалық топтың сыртқы сапары 2021 жылғы 16-17 маусым аралығында өтті.

Сараптау тобының жұмысы БСҚА әзірлеген бағдарламаға сәйкес жүргізілді. Сараптама тобының мүшелеріне сапар басталғанға дейін білім беру ұйымына жұмысқа қажетті барлық материалдар (сапар бағдарламасы, Университеттің білім беру бағдарламаларының өзін-өзі бағалауы жөніндегі есеп, мамандандырылған аккредиттеу рәсімі үшін сыртқы бағалауды ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі басшылық, сарапшының Ар-намыс Кодексі және т.б.) ұсынылды, бұл сыртқы бағалау рәсіміне алдын ала дайындалуға мүмкіндік берді.

Университет басшылығымен кездесу сарапшылар тобына ұйымның жалпы сипаттамасымен, соңғы жылдардағы жетістіктерімен және университеттің даму болашағымен ресми танысуға мүмкіндік берді. Сыртқы сапар қатаң түрде бағдарлама бойынша жүзеге асырылды.

Сапар барысында сарапшылар тобы университет басшылығымен және әкімшілік құрамымен, кафедра меңгерушілерімен, профессор-оқытушылар құраммен бірқатар кездесулер мен сұхбаттар өткізді. Жалпы, ЖОО-ға барған кезде зерттелген құжаттама және сапар барысында кездескен адамдар тобы, сондай-ақ кафедраның сарапшылар тобы мүшелерінің, аудиториялардың, кітапхананың, ашық спорт алаңдарының, спорт кешенінің, ойын залының, компьютерлік сыныптардың, медициналық кабинеттердің және т.б. олар аккредиттелетін бағдарлама, оның мазмұны мен ұйымдастырылуы, инфрақұрылымы, ресурстары мен басқарылуы туралы неғұрлым толық ақпарат алуға мүмкіндік берді.

Университеттің негізгі сипаттамалары

«Сырдария» университеті – Қазақстан Республикасының жетекші университеттерінің бірі, қоғамда кеңінен танымал.

«Сырдария» университеті ЖШС 1998 жылдың 27-ші шілдесінде Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігінің №408 бұйрығымен құрылған. 1998 жылдың 5-наурызында Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаменті, Мақтаарал ауданының Әділет басқармасында заңды тұлға ретінде тіркелді. 2002 жылы 12-ақпанда Білім берумен шұғылдануға арналған ААН 000169 сериялы лицензиясы, 2010 жылы 28-қыркүйекте жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру қызметін жүргізу құқығы беріліп, АБ№ 0137474 сериялы лицензия негізінде қызметін атқаруда. «Сырдария» университеті мемлекеттік лицензияға сәйкес мемлекеттік тапсырыс және ақылы негізде күндізгі, сырттай, қысқартылған нысандары негізінде білім беру қызметін

көрсетеді. Қазіргі күнде университетте білім беру қызметі 26 бакалавриат және 6 магистратура білім беру бағдарламалары бойынша жүзеге асырылады, барлық білім беру бағдарламалары бойынша дайындық мемлекеттік тілде жүргізіледі.

Университетте білім алушылар контингенті 3686-нан астам адамды құрайды. Шетелдік студенттер саны 586.

Профессор-оқытушылар құрамында 156 адам, оның ішінде 12 ғылым докторы, 63 ғылым кандидаты және 8 PhD докторлары, 63 ғылым магистрлері және 10 аға оқытушылар бар.

Педагогика және білім беру, гуманитарлық және жаратылыстану ғылымдары салаларында бірқатар ғылыми жобалар іске асырылуда. Оқытушылар мен қызметкерлердің жарияланымдық белсенділігі жыл сайын артып, ғылыми-кадрлық әлеует нығайып келеді.

"Сырдария" университеті ғылыми-зерттеу құрылымдары, ғылыми кітапхана, түрлі орталықтар және спорт кешендерімен қамтылған. ЖОО-да дәріс залдары, мамандандырылған кабинеттер, компьютерлік сыныптар, лингафондық кабинеттер, оқу зертханалары, шеберханалар бар.

Университеттің 26 білім беру бағдарламасы НААР, НАОКО аккредиттеу агенттігінде аккредиттелген. Университет 2016 жылы БСҚТҚА агенттігінде 5 жыл мерзімге институционалдық аккредитациядан өтті.

Ұлттық рейтингтерде «Сырдария» университеті жыл сайын Қазақстандық университеттер арасында алдыңғы қатарда келеді.

2 ТАРАУ САРАПТАМА ТОБЫНЫҢ СЫРТҚЫ АУДИТІ ТУРАЛЫ ЕСЕБІ

Кіріспе

6B01401 - «Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламасы бойынша сыртқы аудит.

Факультет деканы, «Дене шынықтыру және спорт» кафедрасының меңгерушісі, 6B01401 - «Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламасына қызмет көрсететін кафедра оқытушыларымен кездесу, студенттер, түлектер және жұмыс берушілер, сарапшылар тобына білім беру бағдарламасының жалпы сипаттамасымен, республика үшін білікті кадрларды даярлау саласындағы кафедраның қызметімен, білім, ғылым саласындағы соңғы жылдардағы жетістіктерімен, жоғары білікті кадрларды даярлауды қамтамасыз етумен және жалпы кафедраның, атап айтқанда білім беру бағдарламасының даму болашағымен ресми танысуға мүмкіндік берді.

Сыртқы сапар бойынша жоспарланған іс-шаралар 6B01401 - «Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламасының құрылымымен, оның материалдық-техникалық базасымен егжей-тегжейлі танысуға ықпал етті. 6B01401 - «Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау» / 5B010800 - «Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасының профессорлық-оқытушылар құрамымен, студенттермен, түлектермен және жұмыс берушілермен сұхбат сыртқы сарапшыларға білім беру бағдарламасының өзін-өзі бағалауы бойынша есеп деректерінің аккредиттелетін білім беру бағдарламасының нақты жағдайына сәйкестігіне тәуелсіз бағалау жүргізуге мүмкіндік берді.

Бакалавриаттың 6B01401 - «Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламасының өзін-өзі бағалау есебі ақпараттың үлкен көлемін қамтиды, онда мамандандырылған аккредиттеу стандарттарына сәйкес қызмет салалары ұсынылған, күшті және әлсіз жақтары айқындалған, оны одан әрі дамыту үшін қауіптер мен мүмкіндіктер анықталған.

Тексеру барысы сарапшылар тобына білім беру бағдарламасы бойынша оқу және ғылыми үдерістерін ұйымдастыру, материалдық-техникалық базасы туралы, оның стандарттарға сәйкес келетіндігі туралы түсінік алуға мүмкіндік берді.

Сарапшылар кафедраны, оның оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу құжаттамасын қарап шықты. Сарапшылар практика базаларына барып, 6B01401-«Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау» / 5B010800 - «Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасының материалдық-техникалық базасымен, кітапхана қорымен, түлектердің жұмысқа орналасуымен, оларды дипломнан кейінгі қолдау жұмыстарымен, студенттердің жетістіктерін ішкі және сыртқы бағалау нәтижелерімен танысты. Бұл сарапшыларға 6B01401 - «Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау / 5B010800 - «Дене шынықтыру және спорт» аккредиттелетін білім беру бағдарламасын нақты бағалауға және жетілдіруге арналған салаларды белгілеуге мүмкіндік берді.

Білім беру бағдарламасының әр стандарты бойынша сәйкестік деңгейі

Стандарт 1. Академиялық адалдық және білім беру бағдарламаларының сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясаты

Дәлелдемелер және талдау:

Сыртқы аудит 6B01404 - «Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау»/ 5B010800 - «Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасы ЖОО-ның миссиясына, стратегиялық жоспарына, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келетінін көрсетті.

6B01401 - «Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау / 5B010800 - «Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасының мақсаты МЖМБС талаптарына сәйкес қалыптастырылып, кәсіби саланың даму үрдісін көрсетеді және экономика мен еңбек нарығының қажеттіліктеріне және ұлттық біліктілік жүйесіне бейімделген.

Кафедраның және жалпы университеттің білім беру қызметтерінің сапасы саласындағы саясатты айқындайтын келесі негізгі нормативтік құжаттар болып табылады:

- нормативтік құжаттар, оның ішінде 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III ҚР Заңы, 2011 жылғы 24 қазандағы № 487-VI ҚРЗ, 2011 жылғы 18 сәуірдегі №407-IV ҚР Заңы, 2013 жылғы 04 шілдедегі № 407-IV ҚР Заңы, 2014 жылғы 3 шілдедегі №228-V Қазақстан Республикасының дене шынықтыру және спорт туралы Заңы. 13.12.2019 ж., ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығымен бекітілген ЖОО білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары, ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген МЖМБС.;

- стратегиялық құжаттармен, оның ішінде ҚР Президентінің 07.12.2010 жылғы № 1118 Жарлығымен бекітілген ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, ҚР Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы №205 Жарлығымен бекітілген ҚР білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы және «Сырдария» университетінің 2020-2025 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспары;

- жұмыс берушілердің бағдарлама түлектерінің құзыреттеріне қойылатын талаптарын және осы бағдарламаны жүзеге асыратын жоғары оқу орындарының (еліміздегі, шетелдердегі) тәжірибесін ескере отырып;

- 2008 жылғы 23 сәуірде Еуропалық парламент ресми қабылдаған Еуропалық біліктілік шеңбері (ЕРК);

- «Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы» ҚР БҒМ 2015 жылғы 17 маусымдағы №391 бұйрығымен;

- ҚР БҒМ 2018 жылғы 12 қазандағы № 563 бұйрығымен бекітілген «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары».

«Сырдария» университетінде 6B01401 - «Дене шынықтыру мұғалімдерін

даярлау» / 5B010800 - «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша бакалаврларды дайындау 1998 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 28.09.2010 жылғы № АБ 0137474 берген мемлекеттік лицензиясы негізінде жүзеге асырылады.

Сапа саласындағы саясатты қабылдау және бекіту рәсімі Стратегиялық жоспарлау шеңберінде әзірленген. Оқытушылармен, студенттермен, жұмыс берушілермен және түлектермен сұхбат олардың білім беру бағдарламасының сапасын қамтамасыз ету саласындағы саясатты талқылағанын көрсетті.

ЖОО-да жүйелі мониторингтің, тиімділікті бағалаудың, саясатты қайта қараудың және т.б. болуы жыл сайын жүргізіледі. ЖОО халықаралық студенттер алмасуға, шетелдік тағылымдамаларға және т.б. қатысады, сондай-ақ еңбек нарығындағы өзгерістерге ден қояды, білім беру бағдарламасының тиімділігі үшін еңбек нарығында маркетингтік зерттеулер жүргізеді.

ББ оқу процесін автоматтандырудан; оқыту технологияларының әртүрлілігінен; оқыту траекториясын таңдаудағы еркіндіктен, пәндер мен оқытушыларды таңдаудан; білімді бақылаудың ашықтығы мен объективтілігінен; оқу материалдарының қолжетімділігінен, академиялық еркіндіктен; оқытушының жетекші рөлін іске асырудан тұратын студентке орталықтандырылған оқытудың негізгі қағидаттарын іске асырады. Сұхбат барысында бұл ережелер оқытушылар мен студенттермен де расталды.

ББ сапасының сақталуын қолдау оқу процесіне барлық қатысушылардың өзара әрекетін синхрондауға және мәлімделген сапа деңгейін сақтауға бағытталған барлық нормалар мен ережелерді, ішкі регламенттер мен рәсімдерді, ішкі құжатталған рәсімдерді сақтау арқылы іске асырылады. Сұхбат осы Ережені растады.

Университетте ББ жүзеге асырудың тиімділігін бағалау үшін ішкі және сыртқы аудит арқылы оның тіршілік әрекетінің негізгі үдерістеріне мониторинг үнемі жүргізіледі, ол арқылы ЖОО мен факультеттердің қызметі жүзеге асырылады: оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу, тәрбиелік процестер, басқару процесі, техникалық процесс. Білім беру бағдарламасын іске асыруда маман дайындайтын кафедрада мектептермен де, спорт ұйымдарымен де ұзақ мерзімді ынтымақтастық жүзеге асырылатынын атап өткен жөн. Осылайша, сарапшыларға ынтымақтастық туралы шарттар ұсынылды. Атап айтсақ, «Абай» атындағы №4 мектеп-гимназиясы, М.Горький атындағы №1, Д.А.Қонаев атындағы №9 ІТ мектеп, Алпамыс батыр атындағы №8 мектеп, А.Байтұрсынов атындағы №5 мектеп, №7 «Тұран» мектеп гимназиясы. Сыртқы аудит барысында сарапшылар практика базаларына нақты режимде барды, сондай-ақ оның онлайн режиміндегі жұмысымен танысты.

Бағалау нәтижелері бағдарламаны жетілдіру үшін толық көлемде пайдаланылады. Оқытушылар және студенттермен жүргізілген сұхбат кафедраның Академиялық адалдық пен академиялық еркіндікті қолдау бойынша іс-шараларды толық көлемде іске асыратынын көрсетті (кураторлық сағаттар, кафедра отырысында мәселелерді талқылау, дөңгелек үстелдер және т.б. өткізілген.).

Бағдарламалар сапасын қамтамасыз ету саясатында оқыту, ғылыми зерттеулер және тәрбиелеу арасындағы өзара іс-әрекет дәрежесін талдау «6B01401-Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау/5B010800-Дене шынықтыру және спорт» ББ қызмет көрсететін оқытушылар өз еңбектерін әртүрлі ғылыми конференциялар мен ғылыми журналдарда жариялайтындығын көрсетті.

ББ студенттері ғылыми-зерттеу жұмыстарына тартылып отырған. Бұл мәселеге байланысты растайтын құжаттарды (мақалалар, қатысу сертификаттары, грамоталар) кафедра көрсетті. Сонымен қатар, кафедра «Сырдария» университетінің «Дене шынықтыру және спорт» кафедрасы студенттерінің жарыстардың әртүрлі түрлерінде (өңірлік, республикалық, халықаралық жарыстарда және т.б.) жүлделі орындары үшін дипломдар, кубоктар, медальдар ұсынды.

ББ бойынша жұмыс берушілердің түлектердің дайындық сапасына қанағаттануының жоғары деңгейі байқалады, бұл жұмыс берушілердің сұхбаттарының нәтижесімен расталды.

ЖОО-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жүргізілуде. ПОҚ мен студенттердің «Этикалық мінез-құлық қағидаттары» Сырдария университетінің «Академиялық адалдық Кодекс» және Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекет туралы» заңымен анықталады, олар білім алушылардың қажеттіліктеріне университеттің ресурстық әлеуетін бағдарлау атмосферасын құруға бағытталған (ПОҚ және қызмет көрсетуші персоналды қоса алғанда); университет басшылығы мен ПОҚ үшін қол жетімділік шарттары (Ректор блогы, ректормен «Ашық микрофон» кездесулері, ПОҚ кеңес беру кестелері, жеке мәселелер бойынша қабылдау кестелері, әлеуметтік желілері арқылы жедел қарым-қатынас жасау үшін топтар құру); заңға қайшы әрекеттердің кез келген түріне төзбеушілік және оларға икемді әрекет ету (ПОҚ мен білім алушыларға сауалнама жүргізу, оқу жылы бойы жұмыс істейтін сенім телефоны, апелляциялық комиссияның жұмысы және т.б.).

Сыбайлас жемқорлыққа және өзге де құқыққа қарсы шаралар бойынша саясат, университет ұжымының атынан өкілдік ететін барлық мүдделі тұлғалардың академиялық адалдығы мен еркіндігі атмосферасын құру және қолдау «Сырдария» университетінің «Академиялық адалдық Кодексында» көрініс тапты.

Университетте университеттің 2020-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы әзірленді (07.01.2020 ж.).

Басқарудың демократиялық қағидаттарын енгізу және сыбайлас жемқорлық көріністерін болдырмау мақсатында «Сырдария» университетінің Студенттік өзін-өзі басқару жұмысы студенттерді әлеуметтік субъектілер ретінде университеттің қызметін басқаруға, бақылауға және бағалауға тартуға мүмкіндік беретін әлеуметтік әріптестікке негізделген.

Сонымен қатар, университеттің жатақханалары мен оқу ғимараттарында ПОҚ және басшылық тарапынан орын алған заңсыз әрекеттерге немесе сыбайлас жемқорлық бұзушылықтарға жасырын шағымдар үшін «Сенім жәшіктері» және жәшіктерде құлыптар орнатылған. Жәшіктер айына кемінде бір рет облыстың

сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес ведомствосының және жастар комитетінің (Syrdariya Students Union) өкілдерімен бірлесіп ашылады.

Білім беру қызметтерінің сапасы мен ПОҚ құзыреттілігінің деңгейі, жұмыс берушілердің қанағаттануы мен талаптарының деңгейі туралы студенттердің пікірін анықтау мақсатында жыл сайын «Оқытушы студенттер көзімен» сауалнамасы өткізіліп отырған.

Оң тәжірибе:

ББ мақсаттарының студентке бағдарланған оқытуға баса назар аударатырып, университеттің миссиясымен, мақсаттарымен және міндеттерімен және еңбек нарығының қажеттіліктерімен келісілуі; университеттің барлық өмірлік циклдері мен білім беру бағдарламасының тұрақты мониторингі.

Стандарт 1. Академиялық адалдық және білім беру бағдарламаларының сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясаты – толық сәйкес.

Стандарт 2. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, бекіту және ақпараттарды басқару

Дәлелдемелер және талдау:

Сыртқы аудит 6B01401 - «Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау» / 5B010800 - «Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасының МЖМБС білім беру бағдарламаларының және мамандарды даярлау сапасын қамтамасыз етудің университеттік талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ететін «Сырдария» университетінде белгіленген тәртіпке сәйкес әзірленгенін көрсетті.

МББ әзірлеу жөніндегі жұмыс тобының құрамына маман дайындайтын кафедраның тәжірибелі оқытушылары, студент жастардың өкілдері (студенттер), білім беру қызметін тұтынушылар (жұмыс берушілер) кіреді. Комиссияға жұмыс тобының құрамы туралы өкімдер, ББ сарапшылары, ББ верификация актілері және жұмыс берушілер тарапынан ББ сараптама актілері ұсынылды.

6B01401 - «Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау» / 5B010800 - «Дене шынықтыру және спорт» жобасын әзірлеу келесі қағидаттарға сәйкес жүзеге асырылады: Дублиндік дескрипторларды және еңбек нарығының талаптарын ескере отырып, көп деңгейлі білім берудің мазмұнын түсіну, ББ жобалаудың негізі ретінде құзыреттілік тәсіл және білім беру бағдарламаларын қалыптастырудың модульдік қағидаты.

6B01401 - «Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау» / 5B010800 - «Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасының мазмұнын әзірлеу студенттердің орталықтандырылуын көрсетеді, нормативтік талаптарға сәйкес келеді.

Білім беру бағдарламасы ғылымның, мәдениеттің, спорттың, экономиканың, техниканың, технологиялардың және әлеуметтік саланың дамуын ескере отырып жаңартылатын құжаттар жиынтығы түрінде әзірленеді және мыналарды қамтиды:

- 1) модульдік білім беру бағдарламасының жалпы сипаттамасы;
- 2) элективті пәндер каталогы;
- 2) оқу жұмыс бағдарламаларын қоса алғанда, ПОӘК (силлабустар);
- 3) тәжірибе бағдарламасы;
- 4) қорытынды аттестаттау бағдарламасы;
- 5) білім беру бағдарламасын дамыту жоспары.

Таңдау компонентінің пәндері жыл сайын әзірленетін элективті пәндер каталогына енгізілген.

Әзірлеу және бекіту рәсімі 6B01401 - «Дене шынықтыру мұғалімдерін дайындау / 5B010800 - «Дене шынықтыру және спорт» еңбек нарығын, жұмыс берушілердің болашақ мамандарға қойылатын талаптарын, студенттер мен түлектердің тілектері мен пікірлерін зерделеу, кафедра меңгерушісі, мамандық бойынша эдвайзер МЖМБС, ЭПА және кәсіби стандарттар негізінде ББ бастапқы нұсқасын қалыптастыру (олардың ҚР-да әзірленуіне қарай), кафедра отырысында жұмыс берушілермен, студенттермен бірлесіп әзірленген ББ талқылау, ББ-ны қарау және сараптау және оны университеттің Ғылыми кеңесінде бекітуге, университеттің Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде РҚБ-ны ректордың бекітуі арқылы жүргізіледі.

Оқу мерзімі: күндізгі оқу нысаны бойынша жалпы орта білім базасында - 4 жыл. Техникалық және кәсіптік білім базасында күндізгі қысқартылған нысанда - 3 жыл. Жоғары білім негізінде-2 жыл. Оқыту тілі-қазақ тілі. Оқыту Ұлттық білім беру бағдарламаларын халықаралық деңгейде тануды қамтамасыз ету, университеттің білім алушылары мен профессор-оқытушылар құрамының ұтқырлығы үшін жағдай жасау, білім сапасын арттыру мақсатында кредиттік технология бойынша жүзеге асырылады.

Жұмыс оқу жоспарларының құрылымы мен мазмұны Үлгілік оқу жоспарлары мен элективті пәндер каталогына сәйкес келеді. Элективті пәндер каталогы жұмыс берушілермен және студенттермен келісілген. Жұмыс берушілердің ұсыныстары ескерілген.

Жұмыс берушілер, студенттер және түлектер белгілі бір оқу жылына арналған еңбек нарығына сәйкес келетін бакалавриаттың элективті пәндер каталогына енгізу туралы шешімдерді талқылайтын хаттамалар бар.

6B01401 - «Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау / 5B010800 - «Дене шынықтыру және спорт» ББ студенттердің аспаптық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру үшін кәсіби практикадан өту қарастырылған, бұл бәсекеге қабілетті мамандарды даярлауда маңызды компонент болып табылады және түлектердің еңбек нарығының жағдайына әлеуметтік-психологиялық бейімделуі үшін маңызды мәнге ие.

«Сырдария» университетінде кәсіптік практиканы іске асыру «Кәсіптік практика туралы Ережеге» сәйкес жүзеге асырылады. 6B01401 - «Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау» / 5B010800 - «Дене шынықтыру және спорт» ББ бойынша білім беру процесінің аяқталуының негізгі критерийі студенттің академиялық 240 кредитті, оның ішінде 24 кредитті кәсіптік практиканы меңгеруі болып табылады.

Кәсіптік базаларда практикадан өту кезінде студенттер жеке кабинеттерінде қолжетімді жұмыс бағдарламаларын басшылыққа алады. Практика нәтижелері мен олардың тиімділігі практика жөніндегі есептерде көрініс табады. Практика практика базалары ретінде айқындалған ұйымдармен жасалған шарттар негізінде, сондай-ақ жеке шарттар негізінде жүргізіледі.

Практикадан өту нәтижелері кафедра меңгерушісінің өкімімен құрылған арнайы комиссияның отырыстарында қаралады, хаттамаларда, практика күнделіктерінде, практика жетекшілерінің пікірлерінде, ведомостарда және студенттердің электрондық сынақ кітапшаларында көрсетіледі (растайтын база ұсынылды).

Университет кітапханасында ПОҚ мен студенттер үшін барлық жағдай жасалған. Білім беру бағдарламасын іске асыру халықаралық ақпараттық желілерге, электрондық деректер базаларына, кітапхана қорларына, компьютерлік технологияларға, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттерге еркін қол жеткізу арқылы қамтамасыз етіледі. Студенттердің өзіндік жұмысы үшін Интернет желісіне жергілікті желі және Wi-Fi арқылы, сондай-ақ «Сырдария» университетінің жергілікті ақпараттық ресурстарына қолжетімділік бар.

Кафедраға бекітілген 6B01401 - «Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау» / 5B010800 - «Дене шынықтыру және спорт» пәндері бойынша оқу, оқу-әдістемелік әдебиеттермен қағаз және электронды тасымалдағышта кітапханалық қормен қамтамасыз ету-350557 (жалпы қордың 65%), оның ішінде мемлекеттік тілде – 283682 құрайды.

Университетте оқу процесі мен ғылыми-зерттеу жұмыстарын қамтамасыз ету үшін кітапхана қорын сапалы қалыптастыру бойынша үлкен жұмыс атқарылуда.

Университеттің ақпараттық инфрақұрылымының негізін ауқымды компьютерлік парк және телекоммуникациялық құралдар кешені құрайды.

Кафедра мамандығы бойынша мемлекеттік және орыс тілдерінде, электронды және қағаз түріндегі әдебиетпен қамтамасыз ету 6B01401 - «Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау» / 5B010800 - «Дене шынықтыру және спорт» бойынша бір білім алушыға есептеу нормаларына сәйкес келеді. Сарапшыларға соңғы 3 жылдағы электронды тасымалдағыштағы оқу әдебиетінің дәлелді базасы ұсынылды, олар кітапхана қорының 6B01401 - «Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау» / 5B010800 - «Дене шынықтыру және спорт» қамтамасыз етілуін толық көрсетеді.

6B01401 - «Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау / 5B010800 - «Дене шынықтыру және спорт» кафедрасының ПОҚ «6B01401 - «Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау» / 5B010800 - «Дене шынықтыру және спорт» бойынша кітапхана қорын толықтыру үшін оқулықтар, оқу және оқу-әдістемелік құралдар мен электрондық оқу құралдарын әзірлеуге және шығаруға толық қатысады. ББ барлық пәндері бойынша электрондық контенттер мен тестілеу базасы әзірленіп, олар үнемі жаңартылып отырады. Қашықтықтан оқыту технологиясы бойынша білім алушылардың тұрақты СӨЖ қамтамасыз ету үшін оқытушылар веб-сайттың ресурстарын белсенді пайдаланады: студенттер үшін жеке кабинетте пәндер бойынша тапсырмалар, оларды тапсыру кестелері, пәнді игеруге ықпал ететін

қосымша материалдар, емтиханға дайындалу үшін сұрақтар, пәндер бойынша тест тапсырмалары, бағалау технологиясы бойынша кейстер орналастырылады. Оқытушының орындаған жұмысын бағалау белгіленген критерийлер бойынша жүргізіледі және рейтинг қою кезінде ескеріледі.

Еңбек нарығы тарапынан 6B01401 - «Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау» / 5B010800 - «Дене шынықтыру және спорт» ББ қажеттілігі бар, бұл жұмыс берушілермен сұхбат барысында расталды.

ББ сыртқы сараптамасы жүргізілуде, ішкі және сыртқы сараптама тобы құрылды (растайтын құжаттар кафедрада ұсынылған), сондай-ақ жұмыс берушілердің сұхбаттары олардың осы рәсімге тартылғанын көрсетті.

«Сырдария» университетінде басқа ЖОО-да игерілген пәндерді қайта тапсыру (трансферт функциясы) және оқуды жалғастыру және келесі білім беру деңгейіне көшу (жинақтау функциясы) мүмкіндігі қамтамасыз етіледі. ECTS типі бойынша кредиттерді қайта есепке алу «Оқу пәндерін қайта есепке алу және қайта аттестаттау туралы Ережеге» сәйкес жүзеге асырылады.

Жыл сайын ғылыми кеңестің шешімімен оқу деңгейі бөлінісінде студентті курстан курсқа ауыстыру үшін ең төменгі ауысу балының (бұдан әрі-GPA) шамасы белгіленеді.

Бұл ережелер студенттерге құжаттармен және студенттермен сұхбаттармен расталатыны түсіндірілді.

ББ әзірлеу кезінде студенттердің оқу жүктемесінің еңбек сыйымдылығы ескерілген, ол нормативтік талаптарға сәйкес келеді және студенттердің жұмыс оқу жоспарында және ЖОЖ-да көрсетілген.

6B01401 - «Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау / 5B010800 - «Дене шынықтыру және спорт» қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларына сәйкес (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы №137 Бұйрығы) өз бағдарламасын қашықтықтан білім беру технологияларын қолдана отырып іске асыру мүмкіндігі бар.

6B01401 - «Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау» / 5B010800 - «Дене шынықтыру және спорт» ББ білім берудің барлық деңгейлерінде сапаны ішкі бағалау мен сараптаманың тиімді механизмі бар. Оқытушылар және студенттермен сұхбат кафедрада студенттердің, қызметкерлердің және т.б. қатысуымен бағдарламаларды тұрақты түрде бағалау және қайта қарау тұрақты түрде жүзеге асырылатынын көрсетті (кафедра отырысының хаттамалары, кураторлық сағаттар, дөңгелек үстелдер және т.б.).

Білім беру процесі нәтижелерінің тиімділігі сабақтың әртүрлі түрлері бойынша барлық оқу-әдістемелік құжаттаманың толық болуымен, оқытудың белсенді және интерактивті әдістерін пайдалана отырып сабақтар өткізетін педагог кадрлардың жоғары білікті құрамымен, жаңа білім беру технологияларын үнемі іздеумен расталады (сарапшыларға растайтын база ОЖЖ, ЭПК, ПОӘК, ашық сабақтардың хаттамалары, өзара қатысу парақтары және т.б.).

Оң тәжірибе:

6B01401 - «Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау / 5B010800 - «Дене шынықтыру және спорт» өмірлік циклдерін жұмыс берушілермен, студенттермен, түлектермен және практика базаларымен үйлестіру. Қашықтықтан білім беру технологияларын қолдана отырып ББ іске асыру; білім беру ресурстарының студенттер мен ПОҚ үшін кез-келген нүктеден қолжетімділігі.

Стандарт 2. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, бекіту және ақпараттарды басқару – толық сәйкес.

Стандарт 3. Студентке орталықтандырылған оқыту, білім беру және бағалау

Дәлелдемелер және талдау:

Сыртқы аудит «Сырдария» университетінде студентке орталықтанған оқыту студенттің даралығы мен оның сұраныстарын, еркіндігі мен жеке басын, кәсіби өсуін, таңдау дербестігін ескере отырып құрылатынын көрсетті, бұл студенттердің оқу процесіне ынтасын, өзін-өзі көрсетуі мен тартылуын арттыруға ықпал етеді.

6B01401 - «Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау» / 5B010800 - «Дене шынықтыру және спорт» ББ кредиттік технологиясының талаптарына сәйкес студенттерге элективті курс пәндерін таңдауға және ЖОЖ қалыптастыру кезінде жеке білім беру траекториясын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұл ретте студенттер эдвайзерлермен кеңес алу мүмкіндігіне ие.

Кредиттік оқыту жүйесі элективті пәндер каталогының 6B01401 - «Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау» / 5B010800 - «Дене шынықтыру және спорт» ББ үлгілік оқу жоспары негізінде эдвайзердің көмегімен жасалатын жеке оқу жоспары-ЖОЖ көмегімен ағымдағы оқу жылына білім алушының жеке білім беру траекториясын жоспарлауды көздейді.

Студенттер МЖМБС және таңдаған мамандануы бойынша элективті пәндер каталогы негізінде әр оқу жылына өзінің жеке оқу жоспарын жасайды. Оқытушыны таңдау мүмкіндігі міндетті компонент пәндеріне де, таңдау компоненті пәндеріне де қолданылады.

Сондай-ақ, кафедра жеке кабинет арқылы немесе тікелей оқытушыға СӨЖ кезінде немесе жеке кеңес беру кезінде тапсырмаларды орындау мен тапсырудың баламаларын ұсынады. Егер студенттің пән бойынша курстан өткендігі туралы сертификаты болса, онда бұл бейресми білімді құрылған комиссия мойындайды.

КБ пәндеріне жазуды офис-тіркеуші ұйымдастырады және студент «Сырдария» университетінің «Platonus» жүйесіндегі жеке кабинет арқылы жүзеге асырады. Студенттің ЖОЖ пәнін «Platonus» жүйесінде енгізгеннен кейін автоматты түрде қалыптасады. Тіркеу бөлімі студенттің ЖОЖ және білім беру траекториясын орындауына мониторинг жүргізеді.

Оқу бағдарламасына сәйкес оқу жылы ішінде бекітілген Академиялық күнтізбе негізінде пәндер бойынша білім алушылардың ағымдағы, аралық және қорытынды білімін бақылау жүргізіледі. Студенттердің білім деңгейін анықтау мақсатында

рейтингтік бақылау жүйесі әзірленді. Білім алушылардың білімін, дағдылары мен кәсіби құзыреттілігін бағалау қорытынды нәтижені әріптік және цифрлық баламаға ауыстыра отырып, 100 балдық шкала бойынша жүзеге асырылады және рейтингтік және емтихан бағаларынан құралады.

Аккредиттелетін 6B01401 - «Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау / 5B010800 - «Дене шынықтыру және спорт» ББ бойынша білімді бағалау формаларын таңдау еркіндігі кафедра ұсынатын баламалар шеңберінде іске асырылады: тапсырмаларды жеке кабинет арқылы немесе тікелей оқытушыға орындау және тапсыру; «Сырдария» университетінің компьютерлік орталығында немесе тікелей ПОҚ (билеттер, тесттер, кейстер бойынша), жеке кабинет арқылы білімді аралық және аралық бағалау.

Бакалавриаттағы емтихандар ауызша, жазбаша, шығармашылық (бекітілген нормативтерді ескере отырып) нысандарда және тестілеу нысанында өткізіледі. Соқыр бағалау әдісі, прокторинг әдісі. Кешенді емтихандарды өткізу үшін билеттер мен тиісті есеп құжаттарын қалыптастыратын компьютерлік бағдарлама әзірленді. Студенттерге көмектесу үшін жеке жоспар құру үшін оқытушылар пәндердің қысқаша аннотациясын береді: пәннің мамандық бағдарламасындағы орны мен рөлі, оның жаңалығы, оқыту әдістері мен формалары. Білім алушылардың жеке жоспарларына базалық және бейіндік циклдердің барлық пәндері, оқыту траекториясын айқындайтын элективті курстар енгізілген. Теориялық циклді, сондай-ақ оқытудың қосымша түрлерін (кәсіптік практикаларды) игеру студенттің оқуды аяқтаған кезде алатын біліктілігін көрсетеді.

Тесттер пәндердің жұмыс бағдарламалары мен тест тапсырмалары негізінде жасалады. Пән бойынша қорытынды білімді бағалауға арналған емтихан билеттері мен кейстер бақылау сұрақтары мен белгілі бір педагогикалық және спорттық жағдайлар негізінде әзірленеді және бүкіл пән бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауға мүмкіндік береді.

Пән курсы бойынша білімді қорытынды бақылауды жүргізу нысанын жетекші оқытушылар пәнге берілген өтінімдерде анықтайды және офис-тіркеуші тестілеу орталығына ұсынады. Университетте Оқу үдерісін басқарудың автоматтандырылған жүйесі жұмыс істейді.

Студенттерді ақпараттық қамтамасыз ету университеттің ресми сайты арқылы (www.sirdariya.kz) және студенттің жеке кабинеті (platon.sirdariya.kz) жүзеге асырылады. «Сырдария» университетінің компьютерлік сыныптары интернет желісіне қосылған, барлық корпусарында WI-Fi нүктелері бар.

Кафедрада қосымша кеңес түрінде оқуда қиындықтары бар студенттерге көмек ұйымдастырылды, ал сабақ барысында бұл фактор ПОҚ оқыту формаларын таңдау кезінде ескеріледі. 6B01401 - «Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау» / 5B010800 - «Дене шынықтыру және спорт» ББ сабақ кестесі айтарлықтай жинақы, соның салдарынан күндізгі уақыттың 2/3 бөлігі студенттің иелігінде қалады және оны өз қалауы бойынша пайдалануға болады (СӨЖ тапсырмаларын орындау, өзін-өзі даярлау және т. б.). (www.sirdariya.kz).

Білім беру бағдарламаларын іске асырудың тиімділігі сыртқы және ішкі бақылау арқылы бағаланады.

Білім беру бағдарламаларын іске асырудың тиімділігі оқу-әдістемелік және ғылыми-зерттеу қызметінің көрсеткіштері бойынша бағаланады. Көрсеткіштер жүйесі контингенттің құрылымы, емтихан сессияларының нәтижелері бойынша үлгерім, кадрлық әлеует, оқу-әдістемелік жұмыстың, ғылыми-зерттеу жұмысының орындалуы туралы жалпы мәліметтерді қамтиды. Білім беру қызметтерінің тиімділігін сыртқы бақылау МАК жұмысы барысында, университетті аттестаттау және аккредиттеу кезінде жүзеге асырылады.

Университетте студентке орталықтандырылған оқыту технологияларына оқыту мақсатында біліктілікті арттыру жүйесі құрылған. Біліктілікті арттырудың әртүрлі нысандары мен әдістері қолданылады: курстар, семинарлар, конференциялар, тренингтер және т.б., оларда оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру, білім беру процесін оқу-әдістемелік қамтамасыз ету, жаңа педагогикалық технологияларды енгізу мәселелері қаралады.

«Сырдария» университетінде білім алушыларды әлеуметтік-психологиялық қолдауды қамтамасыз ету, Оқу-білім беру процесінің барлық қатысушыларына кешенді психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік консультациялық көмек көрсету үшін қажетті жағдайлар жасалған. Осы мақсатта университетте тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі басқарма құрылды, оның құрамында Жастар ісі жөніндегі Комитет (ЖІК) жұмыс істейді. Бұл құрылымдық бөлімшелер Университеттің басқа қолдау қызметтерінің қатарында білім алушылармен оқу кезінде де, оқудан тыс уақытта да үздіксіз жұмысты жүзеге асырады. Тәрбие жұмысын үйлестіруді қамтамасыз ететін негізгі бөлімшелер бола отырып, тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі басқарма мен ЖІК университеттің барлық құрылымдық бөлімшелерімен, сондай-ақ мемлекеттік органдармен және басқа да қоғамдық, коммерциялық, қайырымдылық ұйымдарымен өзара іс-қимыл жасайды.

Студенттерді әлеуметтік қолдау аясында 6B01401 - «Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау / 5B010800 - «Дене шынықтыру және спорт» ББ білім алушыларды университеттің білім беру ортасына бейімдеу мақсатында «Анықтама-Жолкөрсеткіш» үнемі жаңартылып отырады, ол қағаз және электрондық тасығыштарда қолжетімді, ресми сайтта білім алушының «Жеке кабинетіне» кірген кезде «Білім беру ресурстары» қосымша бетінде көрінеді. «Анықтама-Жолкөрсеткіш» Ішкі тәртіп ережелері, білім беру процесінің ұйымдастырушылық және рәсімдік нормалары, бірінші курс студенті апталығын өткізу, студенттік кампустарда ПОҚ кезекшілігін ұйымдастыру туралы жүйеленген мәліметтерді қамтиды. Студенттерге оқу жеңілдіктері, спорттық жеңілдіктер, үздік оқуы үшін шәкіртақылар беріледі, студенттердің спорт секцияларына және шығармашылық үйірмелерге, клубтарға бару мүмкіндігіне, сондай-ақ оқудан, жұмыстан және студенттің жеке демалысынан тепе-теңдікті қамтамасыз ететін бос уақытында жұмыс істеу мүмкіндігіне кепілдік беріледі. Стратегиялық даму жоспарына сәйкес жетім студенттер мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға материалдық қолдау көрсету, аз қамтылған және әлеуметтік осал отбасылардан шыққан студенттерге материалдық қолдау көрсету қарастырылған.

ECTS кредиттерін тану Дублин дескрипторларына сәйкес жүзеге асырылады. Барлық жұмыс біліктілік шеңберіне және студенттердің оқу нәтижелерін көрсете отырып, дипломға қосымша беруге негізделген.

Кафедра алдағы емтихандар және бақылаудың басқа түрлері мен оларды бағалаудың қолданылатын өлшемдері туралы студенттерге қажетті ақпаратты белгіленген тәртіппен жеткізеді.

Білімді бағалау жүйесі қабылданған практикаға сәйкес ұлттық деңгейде жүзеге асырылады. Студенттердің үлгеріміне ағымдағы, аралық және қорытынды бақылауды ұйымдастыру және өткізу көрсетілді, оларды қою саясаты келтірілді, рәсімнің ашықтығы мен қолжетімділігі қамтамасыз етілді. Білім алушылардың білімін бақылау үшін өлшегіштер қолданылады: емтихандар, бақылау сұрақтары, өлшеу құралы ретінде – бағалау шкаласы. Ұлттық деңгейде білім сапасына жалпы қабылданған ішкі мониторинг ережелері сақталады. Бағалау тетігі кез-келген пәнді оқудың басында студенттерге танысу үшін қол жетімді, білімді бағалау процестері мен өлшемдері әр пәннің силлабусында көрсетілген және ашық болып табылады. Білім беру бағдарламасында білім алушының білім сапасына ішкі мониторинг жүргізу жүйесі бар. Студенттердің апта сайынғы балдары, аралық бақылаулар және мамандық пәндері бойынша сессия нәтижелері талқыланады, ағымдағы бақылаудағы студенттердің позициясын жақсарту үшін шаралар қабылданады, оқытушылардың үлгерімі төмен студенттермен жұмысы жоспарланады (кафедра отырысының хаттамалары).

Теориялық пәндер әзірленген стандартталған тесттер мен сұрақтардың көмегімен бағаланады. ББ бойынша жыл сайын емтихандардың әртүрлі нысандарын қарастыратын бақылау нысаны бекітіледі (КТ-компьютерлік тестілеу, ЖЕ - жазбаша емтихан, АЕ - ауызша емтихан, ШЕ - шығармашылық емтихан).

Емтихандарды өткізу үшін осы оқу пәнінің бейіні бойынша тиісті біліктілігі бар және осы академиялық топта (ағымда) оқу сабақтарын өткізбеген жетекші профессорлар, доценттердің ішінен тәуелсіз емтихан алушылар тағайындалады.

Университетте академиялық адалдық пен академиялық еркіндікті қолдау, студенттерге де, оқытушыларға да, қызметкерлерге де төзбеушілік пен кемсітушіліктің кез келген түрінен қорғау бойынша шаралар қабылданған. 2020-2021 оқу жылында бұл ережелер кафедра отырысында талқыланды (комиссияға кафедра отырысының хаттамасы ұсынылды). ЖОО-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жүргізілуде.

Білім беру бағдарламасының бүкіл оқу процесі студенттер мен оқытушылардың оқу және тәрбие жұмысындағы ұжымдық (командалық) қызметіне негізделген. Әр топта Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауын талқылау, сыбайлас жемқорлық туралы таныстыру-түсіндіру әңгімелері, «Нұрлы жол», «Рухани жаңғыру» тұжырымдамалары талқыланды.

Аралық аттестаттау оқу жұмыс жоспарына, академиялық күнтізбеге және ПОӘК-ке сәйкес жүзеге асырылады. Емтихан сессияларының кезеңділігі мен ұзақтығы мамандықтың оқу жұмыс жоспарына және академиялық күнтізбеге сәйкес айқындалады.

Кафедрада СҒЗЖ бойынша жоспарлар мен есептер бар. Ғылыми мақалалар жарияланады, ғылыми-зерттеу, дипломдық жұмыстарды дайындау жүзеге асырылады. Дипломдық жұмыстардың тақырыптары жыл сайын 70%-ға жаңартылады. ОП студенттері кафедралық ҒЗЖ әзірлеуге қатысады. Жыл сайын «Сырдария» университетінде студенттік ғылыми конференция өткізіледі, онда олар секциялық отырыстарда сөз сөйлейді, пленарлық отырыс пен стендтік сессияға үздік баяндамаларды ұсынады. Кафедра осы мәселе бойынша дәлелдемелер базасын ұсынды (соңғы 5 жылдағы конференциялар жинағы).

Барлық оқу ғимараттарында стационарлық компьютерлердегі қызметкерлер үшін интернет желісі қолжетімді, интернет арнасы бойынша берілетін деректерді қорғаудың жоғары деңгейі қамтамасыз етілген. Wi-Fi университеттің барлық ғимараттарында қызметкерлер мен студенттер үшін қолжетімді. Бұл әсіресе академиялық онлайн ресурстар мен қашықтықтан оқыту мүмкіндіктерін енгізумен байланысты өзекті болып отыр.

Барлық оқу ғимараттарында, сондай-ақ университет жатақханаларында мобильді құрылғылар мен ДК-ден интернетке шығатын корпоративтік желіге еркін қол жеткізу үшін Wi-Fi аймағы бар.

Оң тәжірибе:

Білім беру траекториясы бойынша студенттің алға жылжуына және білім алушылардың жетістіктеріне мониторинг жүйесінің болуы; on-line және off-line консультациялар арқылы оқытушылармен жұмыс істеудің қолжетімділігі. Оқу және оқудан тыс іс-әрекеттің әртүрлі салаларында студенттердің жеке өсуі мен талантын дамыту.

Стандарт 3. Студентке орталықтандырылған оқыту, білім беру және бағалау – толық сәйкес.

Стандарт 4. Студенттерді қабылдау, үлгерім, тану және сертификаттау

Дәлелдемелер және талдау:

Сыртқы аудит «Дене шынықтыру және спорт» кафедрасында 6B01401 - «Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау / 5B010800 - «Дене шынықтыру және спорт» ББ бойынша кәсіби бағдар беру жұмысы бар екенін көрсетті. Тиісінше, жыл сайын білім беру бағдарламасына студенттерді қабылдау оң динамикаға ие.

Кафедра 6B01401 - «Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау / 5B010800 - «Дене шынықтыру және спорт» ББ қабылдауды жүзеге асыру бойынша материалдар ұсынды. Университет ректоры бекіткен шығармашылық емтихандарының бағдарламасы талапкерлер үшін қолжетімді, нақты әзірленген критерийлер негізінде, оқу шарттары, бағдарламалар беретін мүмкіндіктер, сондай-ақ болашақта жұмысқа орналасу мүмкіндіктері сипатталған.

6B010401 - «Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау / 5B010800 - «Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасы бойынша оқыту үшін

студенттерді қабылдаудың тұрақтылығын қамтамасыз ететін жағдайларға нақты баға берілді. 6B010401 - «Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау / 5B010800 - «Дене шынықтыру және спорт» бірінші курс студенттерін бағдарлау рәсіміне ие. Барлық студенттер анықтамалық нұсқаулықпен қамтамасыз етіледі, бұл студенттердің тез бейімделуіне арналған негізгі ақпарат көздерінің бірі. Білім алушыларды университеттің білім беру ортасына бейімдеу мақсатында «Анықтама–жолсілтеме» үнемі өзектендіріледі, ол қағаз және электрондық тасығыштарда да қолжетімді, білім алушының «Жеке кабинетіне» кірген кезде «Білім беру ресурстары» қосымша бетіндегі ресми сайтта көрінеді. «Анықтама–жолсілтеме» Ішкі тәртіп ережелері, білім беру процесінің ұйымдастырушылық және рәсімдік нормалары, бірінші курс студенті апталығын өткізу, студенттік кампустарда ПОҚ кезекшілігін ұйымдастыру туралы жүйеленген мәліметтерді қамтиды. Студенттерге оқу жеңілдіктері, спорттық жеңілдіктер (Әлем және Азия чемпионаттарының жеңімпазы мен жүлдегерлеріне - 100%), үздік оқығаны үшін шәкіртақылар беріледі, студенттердің спорт секциялары мен шығармашылық үйірмелерге, клубтарға бару мүмкіндігіне кепілдік беріледі, бұл студенттің оқуы мен жеке демалысы арасындағы теңгерімді қамтамасыз етеді.

Университетте бірінші курс студенттерін бағдарлау үшін «Бірінші курс апталығы» өтеді, оның барысында ЖОО-ға бейімделу үшін студенттермен түсіндіру жұмыстары жүргізіледі.

